

С.С. Букешова * 

*Психология ғылымдарының магистрі
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан
bukeshovas@mail.ru*

Р.К. Керимбаева 

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қ., Қазақстан
risti1971@mail.ru*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ КҮЙІН ЖАҚСARTУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа. Мақалада оқушылардың эмоциялық күйін жақсарту арқылы білім сапасын жетілдірудің маңыздылығы қарастырылады. Ою-өрнек мандала терапиясын жасөспірімдердің эмоциясын тұрақтандырып, оқуға қызғушылғын арттыру құралы ретінде қолданылады. Зерттеу барысында жасөспірімдердің эмоциясы мен сезімдік күйінің әсері оқыту үдерісіне тікелей байланыстылығы қарастырылып, талданады. Эксперименттік тұрғыда балалардың бойындағы мазасыздық деңгейін төмендетуге арналған ою-өрнек мандаласы қолданылады. Оқушылардың жағымды эмоцияларды сезінуі оқу дағдыларының өнімді және сапалы болуын қамтамасыз етеді. Жасөспірімдердің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін есепке алып, олардың эмоциялық күйін жақсарту үшін арт-терапиясы ұсынылады. Мақалада шетелдік және отандық ғалымдардың жасөспірімдердің оқу үрдісіне деген эмоциялық күйі мен психологиялық ахуалы туралы зерттелген еңбектері қарастырылады. Жүргізілген зерттеу мәселенің бар екенін айқындап, онымен жұмыс жасау барысында ою-өрнек мандаласының тиімділігі дәлелденеді. Эмоциясы тұрақты болған мектеп оқушыларының оқу үлгерімі жақсарып, білім сапасы жетіліп, шығармашылық қабілеті артатындығы айқындалған.

Тірек сөздер: эмоциялық күй, мазасыздық, білім сапасы, дағды, даму, оқушы, жасөспірімдік шақ, ою-өрнек, мандала терапиясы.

Кіріспе. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі оқушылардың білім сапасын арттыру. Білімнің сапасынның негізгі - шебер педагог пен оқушылардың бірлесе атқарған оқу іс-әрекетінің нәтижесінде, тұлға бойындағы барлық қабілеттер мен мүмкіндіктерді ашу.

Осы тұрғыда жасөспірімдердің эмоциясы мен сезімдернің тұрақтылығы,

яғни олардың ішкі күйін ескеру өте маңызды болып табылады. Ұстаздар қауымы оқушыларға берілген білім тұлғаның ішкі сезімдері жинақы және тұрақты болған жағдайда нәтижелі оқыту үдерісінің тиімділігі артады деп тұжырымдайды.

Бүгінгі таңдағы білім беру мақсаты оқушылардың логикасын, талдау, саралау, жедел шешім қабылдау сияқты ойлау операциясын дамытуға

бағытталған. Мұндай талап өз кезегінде жастардың жан-жақты мобильді, коммуникативті күзиретті болуына бағыттайды. Дегенмен де, оқыту үдерісінде оқушылардың эмоциялық сезімдері мен олардың көңіл күйінің тұрақсыздығы анықталып отыр. Әсіресе жоғары сынып оқушыларының агрессивті мінез-құлқы, күйзеліске бейімділігі, болашаққа сенімсіздігі мен жоғары мазасыздығы бар. Мұндай көріністер оқушылардың дамуы мен қалыптасуына тек физиологиялық тұрғыдан ғана емес, психологиялық денсаулыққа кері әсер ететіні анық. Осындай жағдайларды шешуде арт-терапияны құрал ретінде пайдаланып, ұлттық ою-өрнектер арқылы мандала терапияны жасап, оқушылардың эмоциясын жақсартуға оңтайлы пайдаландық.

Оқушылардың ішкі күйін диагностикалау, эмоциясын анықтап, оны жақсартуда әр ұлтқа тән өзіндік әдістердің болуы заңдылық. Қазақ халқының өзіне тән ұлттық психологиясы мен эмоциялық көріністерінде ерекше белгілері бар.

Зерттеу шарттары мен әдістері.

Біз өз зерттеулерімізде, арт-терапияны қазақтың ою-өрнектерімен байланыстырып, оның түрлі бояуы мен әуезді сызбаларын қосып, оқушылардың ішкі күйін тұрақтандыру тәжірибесінде қолданамыз. Ол оқушылардың білім сапасын арттыруда тұлға дамуының негізгі белгілері: таным әрекетінің шапшаңдығы мен шығармашылық ойды жетілдіреді.

Педагогикалық үрдісінің сапалы болуы оқытушылардың оқуға психологиялық даярлығына тікелей байланысты екені белгілі. Ол туралы Я.А.Коменский «Балаларға өмірдің түрлі жағдайларын түсінуге мүмкіндік беру қажет: 1) Ұстаздың түсіндіріп отырған білімін баланың өз табиғи мүмкіндігіне

сай қабылдай алу жағдайын ескеру, яғни сезімдік қабылдауы; 2) Баланың ол білімді қоршаған отра мен табиғаттың заңдылықтарына сай түйсінуді; 3) Айнала әлемнен бейхабармын деп ойлаған ақпараттарын жеткізе білу ерекшелігін қалыптастыру»[1].

Демек, оқыту үрдісінде ұстаздың біліктілігі мен тәжірибесі ғана емес, білім алып отырған баланың ішкі күйі де маңызды. Көптеген ғылыми мақалаларда «үздік оқушы» бейнесін қалыптастыру үшін интеллектуалды дағдылармен қатар эмоция мен сезім мәселесіне ерекше мән беріледі. Әсіресе бүгінгі тез өзгермелі қоғамда тұлғаның психоэмоционалды күйінің тұрақты болуы қажет.

Бұл туралы Н.И.Новиков «Жас баланың тұлғалық қалыптасуында жаңа білім мен білік дағдылары сезім арқылы қалыптасып, жадыда ұзақ бейнеленеді. Себебі осы жас ерекшелігінде балалардың сезімдік дамуы қарқынды жүзеге асады»[2].

Білім алу барысындағы бастан өткерілген сезімдер қабылданған ақпараттың адам жадында жақсы қалуын қамтамасыз етеді. Сабақ оқу барысындағы баланың зейіні шашыраңқы болған жағдайда айтылған ақпараттар мен алынған білімнің тиісті дәрежеде қабылдануы төмендейді.

К.Д.Ушинский өз еңбектерінде балалардың сезімдік дамуында табиғаттың әсерін көрсеткен: «Балалардың сезімдердің ояту, табиғаттың әсемдігі мен сұлулығы арқылы эмоциялық көңіл күйді көтеруде қоршаған ортаның құралдары құнды»[3].

Бүгінгі таңда оқушылардың білімін бағалау критерийлері де өзгеріп отыр, бұл дегеніміз бүгінгі жасөспірімдер мен балалар өзгерістерді қажет етіп отыр. Бағалау жүйесін «жазалау» немесе «ынталандыру» мақсатында пайдалану баланың оқуға қатысты ойларын өзгертіп, түсінігін теріске шығаруы

мүмкін. Мұны жеңіл өткеру үшін балаға арнайы мамандардың көмегі қажет болып жатады. Осы орайда ата-ана, бала, ұстаз – «үштігі» психологтармен тығыз байланыста болатындай жүйелер орнатылған. Ал психологтың өз кезегінде ұтымды құралдары мен әдістер жүйесі болуы шарт.

Ұлы ғұлама ұстаздың еңбектерінде оқушылардың көңілін көтеру, психологиялық жағымды ахуалды қалыптастыру, эмоциялық күйзелістерді төмендетуде табиғаттың тамаша құралдарын пайдаланудың маңызындылығына аса мән берген.

Бұл бала тұлғасының жеке басын қалыптастырудың сезімдік (аффективті) бағыты, өкінішке орай қазіргі уақытта ұлы ұстаздар ұсынған тәрбие әдістері ұмытылып барады. Психоаналитик П.Куттер, «қазір заман балаларының білім алуы табиғатпен үйлесімділік заңдылықтарына емес қоғамдық қарым-қатынастарға, іс-әрекеттер мен қимыл-қозғалыстарға негізделгенін анықтаған»[4].

Балаларды тәрбиелеуде ата-аналар мен педагогтердің эмоциялары мен сезімдері өте маңызды. Ақпаратты немесе белгілі бір дағдыларды ұсыну және қалыптастыру барасында ұстаз да, тәрбиеші де өз сезімдерін тиісті дәрежеде қоса білгені жөн. Цифрландырылған заманда ақпараттардың легі тым көп және әр алуан болғандықтан ешқандай сезімдер мен күйлердің, эмоцияның көмегінсіз ұсынылып отыр. Сол себепті де, оны қабылдау барысында оқушыларда түрлі қиындықтар пайда болуда.

Педагог және психолог ғалымдар оқушының бойында түрлі қорқыныш пен мазасыздық сияқты жағымсыз күйлер тудыратын жағдайлар, оның дамуына кері әсерін тигізетінін анықтаған. Дегенмен де балалардың тұлғалық қалыптасуында ондай

сезімдерден өту керектігі, оны жеңу, ондай күйлерден шығуға талпыну сияқты әрекеттер қажет деп есептейді.

Балалардың эмоциясы мен сезімдері, олардың ақыл-ой қызметіне әсерін тигізетінін А.Ф.Лазурский өз зерттеулерінде дәлелдеген: «Баланың сергек көңіл күйі, оның білім алуы мен шығармашылық дамуына, зеректік пен тапқырлық қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді»-деді[5].

С.Л.Рубинштейн зерттеулерінде оқушыларды оқу іс-әрекетіне ұйымдастыру оған берілетін білімнің түсініктілігінде ғана емес, оның танымдық процестері мен эмоцияларына тікелей әсер ету арқылы жүргізу керектігін ұсынады[6].

П.К.Анохин еңбектерінде адамдардың мінез-құлқын қалыптастыруда жағымды сезімдер мен эмоциялар маңызды екендігі анықталған. Оқушылардың өздерінің болашақ мақсаттарына қол жеткізуінде туындайтын оң эмоциялық сезімдер бастаушы күш ретінде, оларды түрлі ерліктерге жетелейтіндігін көрсеткен[7].

Н.А.Леонтьев эмоцияның түзетушілік қызметін анықтады, ол оқуды жүзеге асыру, оқу-танымдық қызметті ойдағыдай қанағаттандыру мүмкіндігі деп есептеді[8].

Бүгінгі таңда психология ғылымының негізгі мәселелерінің бірі ретінде тұлғалардың эмоцияларын нығайту қызметін жүзеге асыруға ерекше мән беріледі. Ол туралы Б.Спиноза «Эмоция тұлғаның қоршаған ортадағы болмысты қабылдауы мен ішкі сезімдерін тұрақтандыруға ықпал етеді»[9].

Я.Рейковский ол туралы: «Эмоциогенді тітіркендіргіштер өзімен бірге көптеген сезімге әсер ететін құбылыстарды оятады деді»[10].

В.К.Вилюнас оқушылардың эмоциясы мотивациялық әрекеттерді тудыратындығын дәлелдеген[11].

Сондай-оқы Отандық ғалымдар да мектеп оқушыларының эмоциялық ахуалын дамытудың маңызды көрсеткіші туралы ғылыми зерттеулер жүргізген. З.Б.Мадалиева мен Г.А.Қасен еңбектерінде оқушылардың білім сапасын арттыруда арт-терапияны қолдануды ғылыми теориялық тұрғыда негіздеп, тәжірибе жүзінде пайдаланудың әдістемесін жасады[12].

Мектептің психологиялық қызмет көрсету жұмыстары мен оқыту үрдісінде арт-терапия әдістерін қолдану арқылы оқушылардың бойындағы түрлі психологиялық қысымды шығару, олардың эмоциясы мен сезімдерін тұрақтандыру, мазасыздық деңгейін төмендетуде ықпалы зор екендігі дәлелденген. Мектеп психологтары мен мұғалімдерге арналған ұсыныстар мен әдістемелік кеңестер, көмекші құралдар жасалды.

Расында да, эмоция – сыртқы ортаға бірден көрсете салатын заттық дүние емес. Әсіресе, жасөспірімдік шақта балалар өз эмоцияларын жасырып ұстауға бейім келеді. Бұл өз кезегінде олардың қоршаған ортамен қарым-қатынасында бұзып, отбасы мүшелері мен достарының, тіпті, мектептегі ұстаздармен де кикілжің тудыруы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері. Оқушылардың сапалы білім алып, оқу дағдыларын жақсартуы үшін түрлі эмоцияларды бастарынан өткізуі қажет. Яғни, сыныпта үйлесімді психологиялық ахуал қалыптастыруда оқушылардың эмоциялық күйі жақсы болуы шарт. Дегенмен де, біз зерттеу барысында оқушылардың көңіл күйлерінің тұрақсыздығын анықтадық. Біз Тараз қаласының №48 Т.Рысқұлов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің 10 сынып оқушыларымен тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жүргіздік. Эмоцияның оқу үрдісіне әсерін нақты

тәжірибе жүзінде анықтау үшін таным процестерінің көріністерін айқындайтын екі әдістеме таңдалды.

А.Вессман мен Д.Рикстің «Сезім күйін бағалау» атты әдістемесін қолдандық. Бұл әдістеме арқылы балалардың бойындағы эмоциялық күйлер мен оның серігу дәрежесін анықтауға, зерттеліп отырған мәселені тереңінен көруге ықпалын тигізеді. Оқушылардың эмоциялық күйлерінің өзара байланысы мен өзгерістерін бақылауда 4 негізгі шкаланы бағамдау үшін осы әдістеме тиімді болып саналады.

Келесі әдістеме Е.П.Ильин ұсынған «Эмоцияға бейімділік тесті». Бұл тест жасөспірімдер бойындағы эмоцияның ұзақтығын, қарқындылығын, қозу және тежелу деңгейін, орнықтылығын айқындау үшін тиімді болып табылады [13].

Біз мектеп оқушыларының оқуға танымдық қызығушылығын арттырып, білім сапасын жетілдіріп, тұлға бойындағы эмоциялық қысымдарды шығару мақсатында мандала терапиясын ұлттық ою-өрнек бейнесі бағытында қолдандық. Психологияда тұлға дамуының жасөспірімдік кезеңі күрделі шақ болып есептеледі. Жасөспірімдер кез-келген маманға ашыла бермейтіні белгілі. Тұлғаның эмоцияларын анықтап, оны жақсартуда мандала терапиясы балалардың табиғатына сай, қазақ халқының ою-өрнек бояуларының бейнелі құпия сырлары арқылы әсер ету маңызы. Себебі арт-терапия баланың эмоцияларын анық көруге, онымен сөйлесуге, ішкі әлемін танытуға әсер ететін өнер терапиясы.


Мандала терапиясын қазақ халқының ою-өрнектері арқылы бейнелеу оқушылардың ішкі болмысына ерекше әсер етеді. Себебі оюлардың шығу тарихы қазақ халқының өмірі мен тұрмыс салтына сай, мал шаруашылығы,

аң аулау ісі, көшпенді қоныс тіршілігімен тікелей байланысты. Мандала терапиясын оқушылар (қошқармүйіз, төрқұлақ, түйетабан, ботамойын, өркеш, ботакөз, түлкібас, құсқанат, көбелек, жұлдыз, шимай, төртқұлақ, шұғыла, шыныгүл, шытырман, тарақ, су өрнегі, алаша т.б.) ою-өрнек түрлері арқылы бейнеледі. Оқушылар ою-өрнекті бірнеше мандала түрлерін жасады: «Күзелісті жену», «Сенім», «Психологиялық саулық»,

«Үйлесімділік», «Ішкі сезім үйлестігі», «Арманға бір қадам», «Бахытқа қол жеткізу», «Тұрақтылық», «Сәттілікке сапар».

Мандала терапияның оқушыларға әсерін бақылау үшін бақылау тобы және эксперименттік топ таңдалып алынды.

Тәжірибеге 56 жасөспірім қатысты. Әдістеме және тестілеу нәтижелері төмендегідей болды.



Сурет1.

Сезім күйін бағалау

Салыстырмалы түрде эксперименттік топтың нәтижелері әлдеқайда төмен екенін байқаймыз.

Мұндағы:

Ш1 – «Сабырлылық және мазасыздық» шкаласы;


Ш2 – «Қуатты болу және шаршаңқы болу» шкаласы;

Ш3 – «Көңіл-күйдің көтеріңкілігі және депрессияға бейімділік» шкаласы;

Ш4 – «Өзіне сенімді болу және шарасыз күйге түсу» шкаласы.

Екінші әдістемені жүргізген соң төмендегідей нәтижелер алынды.

Эмоцияның 4 сипаттамасы бойынша алынған нәтижелер сызықтық графикте берілген.



Сурет1. «Эмоцияға бейімділік тесті» графигі

Зерттеу нәтижелерін талқылау.

Алынған нәтижелерді ескере отырып, эксперименттік топпен жүргізілген жұмыста мандала терапиясының маңыздылығы анықталды. Мандала терапиясы оқушылардың эмоциялық күйін жақсарту, мазасыздық деңгейі төмендету, достарымен қарым-қатынасын түзету және сыныптағы жалпы ахуалды қалыптастыруға оң ықпал етті. Бұл өз кезегінде оқушылардың мектеп бағдарламасын

жақсы игеруіне, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Зерттеу барысында оқушылардың оқу үдерісінде түрлі эмоциялық-сезімдік күйлерді бастарынан өткеретіндіктерін анықтадық. Оқушылардың сапалы білім алып үйлесімді дамуына қажетті өмір жағдайларын қалыптастыратын жағымды эмоция керек екендігін дәлелдей отырып, ұлттық ою-өрнекті мандала терапиясын ұсынамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Коменский, Я.А. Избр. педагог. сочинения в 2-х т. [Текст] / Я.А. Коменский–М. 1982. -Т.2. - 340 с.
2. Новиков, Н.И. Рассуждение о некоторых способах к возбуждению любопытства в юношестве [Текст] / Н.И. Новиков. – М., 2015. -250 с.
3. Ушинский, К.Д. О нравственном воспитании [Текст] / К.Д. Ушинский. – М. Педагогика, 1988. -380 с.
4. Куттер, П. Любовь, ненависть, зависть, ревность. Психоанализ страсти [Текст] / П.КУттер. - СПб. 2008. -270 с.
5. Лазурский, А.Ф. Очерк науки о характере [Текст] / А.Ф. Лазурский.- М:Высшая школа, 2005.-260 с.
6. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии [Текст] / С.Л. Рубинштейн. – М. 1999, -704 с.
7. Анохин, П.К. Проблема принятия решения в психологии и физиологии [Текст] / П.К. Анохин. –М. 2016. -220 с.
8. Леонтьев Н.А. Деятельность. Сознание. Личность [Текст] / Н.А. Леонтьев. - М: Политиздат, 2007, -304 с.
9. Fallowfield L., Ford S., Lewis S. No news is not good for news: information preferences of patients with cancer // Psycho-oncology. 2015. № 4. R. 197–202.
10. Reikovskii Ia. Eksperimentalnaya psikhologiya emotsii. -М. 2011. -299 р.
11. Вилюнас В. Психология эмоций: Хрестоматия [Текст] / В.Вилюнас. - Воронеж, 2004. -496 с.
12. Касен, Г.А. Арт-педагогика и арт-терапия в инклюзивном образовании [Текст] / Г.А. Касен, А.Б. Айтбаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. -185 с.
13. Илин, Е.П. Эмоции и чувства [Текст] / Е.П. Илин. - М: Психотерапия, 2011. -752 с.

С.С. Букешова* - *Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

Р.К.Керимбаева - *Таразский университет им. М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан*

ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ ЧЕРЕЗ УЛУЧШЕНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО СОСТОЯНИЯ УЧАЩИХСЯ

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы повышения качества образования путем улучшения эмоционального состояния учащихся. Мандалотерапия с орнаментами используется в качестве средства для стабилизации

эмоций подростков и повышения мотивации к обучению. В ходе исследования рассматривается и анализируется влияние чувств и эмоций на состояние подростков и непосредственную связь с процессом обучения. Экспериментально используется мандалотерапия с орнаментами для снижения уровня тревожности учащихся. Способность учащихся испытывать положительные эмоции гарантирует владение качественными и продуктивными учебными навыками. Рекомендуется арт-терапия с учетом физиологических и психологических особенностей подростков и для улучшения их эмоционального состояния. В статье рассмотрены работы зарубежных и отечественных ученых об эмоциональном и психологическом состоянии подростков в процессе обучения. Данное исследование выявило наличие проблемы и доказало эффективность использования в работе орнаментальной мандалотерапии. Было выявлено, что у учащихся школ, обладающих устойчивыми эмоциями, улучшается успеваемость, совершенствуется качество знаний, повышаются творческие способности.

Ключевые слова: эмоциональное состояние, тревожность, качество знаний, навыки, развитие, учащийся, подростковый возраст, орнамент, мандалотерапия.

S.S.Bukeshova * - *Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

R.K.Kerimbayeva – *M.Kh.Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan*

IMPROVING THE QUALITY OF KNOWLEDGE THROUGH IMPROVING THE EMOTIONAL STATE OF STUDENTS

Abstract. The article discusses the problems of improving the quality of education by improving the emotional state of students. Mandalotherapy with ornaments is used as a means to stabilize the emotions of adolescents and increase motivation to learn. The study examines and analyzes the influence of feelings and emotions on the state of adolescents and their direct connection with the learning process. Experimentally, mandalotherapy with ornaments is used to reduce the level of anxiety of students. The ability of students to experience positive emotions guarantees the possession of high-quality and productive learning skills. Art therapy is recommended taking into account the physiological and psychological characteristics of adolescents and to improve their emotional state. The article examines the works of foreign and domestic scientists on the emotional and psychological state of adolescents in the learning process. This study revealed the presence of a problem and proved the effectiveness of the use of ornamental mandalotherapy in the work. It was revealed that school students with stable emotions have improved academic performance, improved the quality of knowledge, increased creativity.

Keywords: emotional state, anxiety, quality of knowledge, skills, development, student, adolescence, ornament, mandalotherapy.

References

1. Komensky, Ya.A. Izbr. pedagog, sochineniya v 2-h t. [Elected teacher, essays in 2 volumes] [Text] / Ya.A. Komensky-M. 1982. –Vol.2. -340 p.

2. Novikov, N.I. Rassuzhdenie o nekotoryh sposobah k возбуждению lyubopytstva v yunoshestve [A discussion on some ways to arouse curiosity in youth] [Text] / N.I. Novikov, Moscow, 2015. -250 p.
3. Ushinsky, K.D. O npravstvennom vospitanii [On moral education] [Text] / K.D. Ushinsky. – M. Pedagogika, 1988. -380 p.
4. Kutter, P. Lyubov', nenavist', zavist', revnost'. Psihoanaliz strastei [Love, hate, envy, jealousy. Psychoanalysis of passion] [Text] / P.K.Utter. - St. Petersburg, 2008. 270 p
5. Lazursky, A.F. Oчерк науки o haraktere [An essay on the science of character] [Text] / A.F. Lazursky. Moscow: Higher School, 2005. 260 p.
6. Rubinstein, S.L. Ocnovy obshchej psixologii [Fundamentals of general psychology] [Text] / S.L. Rubinstein, Moscow, 1999, 704 p.
7. Anokhin, P.K. Problema prinyatiya resheniya v psixologii i fiziologii [The problem of decision-making in psychology and physiology] [Text] / P.K. Anokhin. - M. 2016. -220 p.
8. Leontiev N.A. Deyatel'noct'. Coznanie. Lichnoct' [Activity. Conscience. Personality] [Text] / N.A. Leontiev. Moscow: Politizdat, 2007, -304 p
9. Fallowfield L., Ford S., Lewis S. No news is not good for news: information preferences of patients with cancer // Psycho-oncology. 2015. № 4. R. 197–202.
10. Reikovskii Ia. Eksperimentalnaya psixologiya emotsii. -M. 2011. -299 p.
11. Viljunas V. Psixologiya emotsii: Hrestomatiya [Psychology of emotsia: A Textbook] [Text] / V.Viljunas. - Voronezh, 2004. -496 p.
12. Kasen, G.A. Art-pedagogika i art-terapiya v inkluzivnom obrazovanii [Art pedagogy and art therapy in inclusive education] [Text] / G.A. Kasen, A.B. Aitbayeva. - Almaty: Kazakh University, 2019. -185 p.
13. Ilin, E.P. Emocii i chuvstva [Emotions and feelings] [Text] / E.P. Ilin. Moscow: Psychotherapy, 2011. 752 p.

13.03.25 ж. баспаға түсті.

19.03.25. ж. түзетулермен түсті.

20.03.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Букешова, С.С. Оқушылардың эмоциялық күйін жақсарту арқылы білім сапасын жетілдіру [Мәтін] / С.С. Букешова, Р.К. Керімбаева // Dulan University Хабаршысы. – 2025. – №1. – Б.206-213 <https://doi.org/10.55956/NEPP7011>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).